

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір бұйрықтарына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2011 жылғы 1 наурыздағы № 109 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 31 наурызда № 6853 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2012 жылғы 6 маусымдағы № 394 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.06.06 № 394 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына , Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 қарашадағы № 1113 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтау саласын дамытудың «2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына және Қазақстан Республикасының халқына медициналық көмекті ұйымдастыру тәртібін жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН :**

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мынадай кейбір бұйрықтарына толықтырулар енгізілсін:

1) «Консультациялық-диагностикалық көмек көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2009 жылғы 2 қарашадағы № 633 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5923 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге орталық мемлекеттік органдарының № 4 актілер жинағында жарияланған, 2010 жыл).

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Консультациялық-диагностикалық көмек көрсету ережесі:

мынадай мазмұндағы 11 және 12-тармақтармен толықтырылсын:

«11. Республикалық бюджет қаражатының есебінен, оның ішінде мобилдік бригадалар, консультациялық – диагностикалық көмектің жоспарланған көлемдерін, бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі анықтайды.

12. Республикалық бюджет қаражатының есебінен көрсетілетін, консультациялық – диагностикалық көмектің жоспарланған көлемін бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі анықтайды.»;

2) «Стационарды алмастыратын көмек көрсету ережесін бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 26 қарашадағы № 798 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5951 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге орталық мемлекеттік органдарының № 7 актілер жинағында жарияланған, 2010 жыл).

көрсетілген бұйрықпен бекітілген стационарды алмастыратын көмек көрсету е р е ж е с і н д е :

3-тармақта: «(бұдан әрі – ТМККК) деген сөздерден кейін «, оның ішінде республикалық бюджет қаражатының есебінен көрсетілетін» деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы екінші және үшінші абзацтармен толықтырылсын:

«Республикалық бюджет қаражатының есебінен көрсетілетін, стационарды алмастыратын көмектің емделіп шыққан жағдайларының (көлемдерінің) жоспарланған санын бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі анықтайды.

Жергілікті бюджет қаражатының есебінен көрсетілетін стационарды алмастыратын көмектің емделіп шыққан жағдайларының (көлемдерінің) жоспарланған санын бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі анықтайды.»;

14-тармақтың 1) тармақшасы «гемодиализдегі химио- және сәулелік терапиядағы, оналтудағы пациенттерді қоспағанда,» деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті (А.Ғ. Төлеғалиева) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаменті (К.А. Балағұлова) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның заңнамада белгіленген тәртіппен ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Е.Ә. Байжүнісовке жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р д і ң

міндетін атқарушы

Е. Байжүнісов